

Банкроттық салдарынан заңды тұлғаны тарату кезінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу заңнамасын қолдану практикасы туралы

2005 жылғы 28 қазандағы № 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы

Ескерту. Нормативтік қаулының тақырыбы және деректемелері жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "конкурстық басқарушы", "конкурстық іс жүргізуді", "Конкурстық басқарушының", "конкурстық басқарушының", "конкурстық іс жүргізу", "Конкурстық іс жүргізу" деген сөздер тиісінше "банкроттық басқарушы", "банкроттық рәсімдерді", "Банкроттық басқарушының", "банкроттық басқарушының", "банкроттық рәсімдер", "Банкроттық рәсімдер" деген сөздермен; "77" деген цифрлар "102" деген цифрлармен ауыстырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Банкроттық салдарынан заңды тұлғаны тарату кезінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңнаманы соттардың біркелкі қолдануы мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты болып танылған заңды тұлға банкроттық салдарынан таратылған жағдайда төлемдердің көлемі мен тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (бұдан әрі - АК) және "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - Заң) анықталатынына соттардың назары аударылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1-1. Төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ай сайынғы төлемдерді төлеу жүзеге асырылады (АК-нің 945-бабының 4-тармағы).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 571 қаулысымен бекітілген Қағидаларға сәйкес көрсетілген тәртіппен ай сайынғы төлемдерді алуға құқығы бар адамдар кәсіпорынды банкрот деп тану туралы, зиянды өтеу есебіне капиталдандырылған төлемдерді жасау жөніндегі жауаптылықты мемлекетке жүктеу

туралы сот шешімінің, сот бекіткен бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарының тізілімін ұсынуы қажет. Жоғарыда көрсетілген адамдардың талап етуі бойынша санамаланған құжаттардың куәландырылған көшірмелерін кәсіпорынды банкрот деп тану туралы істі қараған сот ұсынады. Капиталдандырылған төлемдерді төлеу жөніндегі жауаптылықты мемлекетке жүктеу туралы соттың жаңа шешімін шығару олар жетпіс жасқа толғаннан кейін талап етілмейді.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5; жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

2. АҚ-нің 944-бабының 3-тармағына сәйкес азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеттіріп алуға құқығы бар азаматтар банкрот деп жарияланған заңды тұлғадан тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру жолымен зиянды өтеу арқылы міндеттемелерін тоқтатуын немесе мерзімінен бұрын орындауын талап етуге құқылы.

Бұл ретте зиян келтіргені үшін жауапты заңды тұлғаның АҚ-нің 937-944-баптарында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен ай сайынғы және өзге де қосымша төлемдер жүргізу міндеттемесі жәбірленушіге капиталдандырылған соманы біржолғы төлеудің жаңа міндеттемесімен ауыстырылады. Мұндай төлемді жәбірленушінің талабы бойынша келтірілген зиянды өтеу деп түсіну керек.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

3. Заңның 102-бабына сәйкес заңды тұлғаның банкроттық рәсімінің шеңберінде төленетін өтемақының мөлшерін айқындау азаматқа ол жетпіс жасқа толғанға дейін, бірақ кемінде он жыл ішінде төленуге жататын тиісті мерзімдік төлемдерді борышкер банкрот деп танылған күнгі мөлшерде капиталдандыру арқылы жүзеге асырылады. Егер азаматтың жасы жетпіс жастан асқан жағдайда, тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру кезеңі он жылды құрайды.

Мерзімдік төлемдер деп жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілгенге дейін болған немесе болуы мүмкін және оған жауапты тұлға ай сайын төлеп отырған жоғалған табысын (кірісін) немесе оның бөлігін өтеуді түсіну керек.

Зиянды өтеу бойынша заңнамада белгіленген өзге төлемдер (емделуге, қосымша тамақтануға, дәрілер сатып алуға, протез салғызуға, басқа адамның күтім жасауына, санаторий-курорттық емделуге, арнайы көлік құралдарын сатып алуға және басқаларға арналған шығыстар) капиталдандыру кезінде ескерілмейді.

Заңның 102-бабында көзделген тәртіппен айқындалған капиталдандырылған төлем (өтемақы) сомасы индексациялауға, сондай-ақ азаматқа белгіленген мүгедектік тобының өзгеруіне байланысты көбейтуге немесе азайтуға қатысты қайта қаралуға жатпайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. АК-нің 945-бабының 2-тармағында көзделген өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян үшін жауапты заңды тұлға таратылған жағдайда тиісті төлемдерді капиталдандыру міндетті болып табылады.

Осыған байланысты банкроттық басқарушы кредиторлардың талаптарының тізілімін қалыптастыру кезінде таратылатын заңды тұлға келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған және ол банкрот деп танылған кезде тиісті төлемдерді жүргізген барлық тұлғаларға ай сайынғы төлемдерді капиталдандыруға міндетті.

Егер тарату рәсімдерін өткізу кезінде таратылатын заңды тұлға сот шешімімен өзінің қызметкеріне келтірілген зиян (атап айтқанда, анықталған кәсіптік ауруы) үшін жауапты деп танылса, онда тарату рәсімдері аяқталғанға дейін азаматтың өтініші бойынша жоғалған табысты (кірісті) өтеу үшін ай сайынғы төлемдер сомасы анықталады және ол Заңның 102-бабында белгіленген тәртіппен капиталдандыруға жатады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

5. Банкроттық басқарушы капиталдандырылған төлемдерді бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарының тізіліміне енгізеді және борышкердің мүлкі есебінен бірінші кезектегі тәртіппен қанағаттандырылады.

Өткен кезеңдер үшін жоғалған табыстың (кірістің) ай сайынғы төлемдері бойынша берешек, егер мұндай берешек бар болса не сот шешімімен заңды тұлға банкрот деп танылған сәтте анықталса, кредиторлардың талаптарының тізіліміне бірінші кезекте енгізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

6. Таратылатын заңды тұлғада мүліктің болмауы немесе жеткіліксіз болуына байланысты банкроттық басқарушы капиталдандырылған төлемдерді төлей алмаған жағдайда, азаматтар АК-нің 945-бабына сәйкес капиталдандырылған төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттерді мемлекетке жүктеу туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Жоғарыда баяндалған тәртіппен капиталдандырылған төлемдерді азаматтың арызы бойынша бір уақытта төлеу өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян үшін заңды тұлғаның міндеттемелерінің толық көлемде тоқтауына әкеп соғады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

7. Капиталдандырылған төлемдерді қамтамасыз ету мақсатында соттар банкроттық рәсімдерді аяқтау туралы ұйғарымдарда төленбеген капиталдандыру мөлшерін көрсетуі қажет.

Егер бірінші кезектегі кредиторлардың атаулы тізімі көлемді болса, сот ұйғарымында кредиторлар талаптарының тізілімдеріне сілтеме жасай отырып, бірінші кезек бойынша есептелген және төленбеген капиталдандырудың жалпы сомасы ғана көрсетілуі мүмкін. Банкроттық басқарушы қол қойған заңды тұлғаны тарату аяқталған күнгі кредиторлар талаптарының тізілімдерінен үзінді көшірме не тізілімнің тиісті куәландырылған көшірмесі және банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы соттың ұйғарымы азаматтың мемлекетке капиталдандырылған төлемдерді төлеу туралы талаппен сотқа жүгіну құқығын растайтын құжаттар болып табылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

8. Таратылатын заңды тұлғада мүліктің болмауы не жеткіліксіз болуы салдарынан капиталдандырылған төлемдерді төлеу міндеттерін мемлекетке жүктеу Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабында кепілдік берілген азаматтың науқастануына, мүгедектікке ұшырауына, асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік қамсыздандыру құқықтарын қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі болып табылады. Осы міндетті өзіне қабылдай отырып, мемлекет таратылған заңды тұлғаның барлық өзге міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқоры болып табылмайды.

Алайда егер мерзімдік төлемдерді капиталдандыру банкроттық басқарушының кінәсінен жүргізілмесе және бұл қатені сот банкроттық рәсімдерді аяқтау туралы ұйғарым шығарған кезде түзетпесе не кәсіптік ауруға байланысты еңбек қабілеттілігін жоғалтқандығы заңды тұлға банкроттық салдарынан таратылғаннан кейін анықталған кезде азамат заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекетке зиянды өтеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9. Капиталдандырылған төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемені мемлекетке жүктеу туралы арызды қанағаттандыру кезінде сот шешімінің қарар бөлігінде ақша республикалық бюджет қаражатынан өндірілетінін, ал тағайындалған соманы өтеу міндеті республикалық бюджеттік бағдарламаның тиісті әкімшісіне жүктелетінін көрсетуге тиіс.

Капиталдандырылған төлемдерді өндіру туралы істер бойынша мемлекеттік баж алынбайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

10. Жәбірленушінің жоғалтқан табысын (кірісін) капиталдандыру және оның келісімімен ай сайынғы төлем туралы міндеттемені біржолғы өтемақы төлеуге ауыстыру кезінде міндеттеме ауыстырылады және азаматтың жеке басымен тығыз байланысты құқық өтемақы алу құқығымен ауыстырылады.

Осыған байланысты азаматқа аударылған және бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарының тізіліміне енгізілген, бірақ олар тарату процесінде толық немесе ішінара алынбаса немесе өтемақы сомасы сот шешімі бойынша мемлекеттен өндірілмесе, онда олар мұра құрамына енгізіледі. Мұрагерлер оны төлеу туралы талапты мұрагерлік туралы заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мәлімдеуі мүмкін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

11. Банкроттық рәсімдер шеңберінде есептелген капиталдандырылған төлемдер азаматтың жоғалтқан табысының (кірісінің) өтеуі болып табылады, сондықтан салық заңнамасында белгіленген тәртіппен табыс салығы салынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

12. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы